

Ата - аналарға ақыл кеңес

«3 жас дағдарысы»



1. Бар зейінімізді баланың жағымсыз қылығына аударып, оны басудың қажеті жоқ. Өйткені бұл жаста балада «Мен» деген пайымы қалыптасады.
2. Тыйым салмай баланы шектен тыс жіберуге болмайды. Бала жан-жалмен бәріне қол жеткізуге болатыны туралы қате түсінік қалыптастырмауы керек.
3. Жал-жал шыққан жағдайда ең тиімді әдіс баланың назарын басқа нәрсеге аудару.
4. Егер бала ашу ызаның қызған шағына жетсе, балаға нықтап айту керек «мен сенімен сен тынышталған кезде сөлесемін», - деп ары қарай көңіл аудармай өз шаруаңызды атқара беріңіз. Салмақтылық, салқын қандылық сақтаңыз, қаншалықты қиын болса да. Келеңсіздік шешілген соң балаңызға міндетті түрде түсіндіріп айтыңыз: Сіздің оны өте жақсы көретінін, бірақ қасарысумен ештеңе шешуге болмайтынын.
5. Егер баланың қырсығып- қасарысуы көшеде немесе дүкенде орын алса (балалар оны көрерменге көрсетуді ұнатады), сондықтан баланы адамдар аз жерге алып кетуге тырысыңыз.
6. Тура нұсқау бермеңіз мысалы «Киін көшеге барамыз» деп, керсінше балаға таңдау жасату иллюзиясын тудырып «Сен қыдыруды қаласаң аулаға неменсе саябаққа барайық», неменсе «Құмда немесе әйткеншек теуіп ойнайық»
7. Баланың әр жағымды іс-әрекеті үшін, өз бетімен атқарған ісі үшін мақтауды ұмытпаңыз. Міндетті түрде баланың көзінше ата- апасына, әкесіне бүгінгі атқарған шаруасын айту керек. Бұл баланы одан әрі ынталандырады.
8. Үш жастағы дағдарысты төзімділікпен дауылды күткендей тосып, жерсілкінісін бастан кешкендей кешіп тек қана шыдамдылық, сабырлық сақтау керек. Бұл кезеңнің ұраны «Сабырлық түбі сары алтын» бөлу керек.



3 жасар баланың психикалық дамуы

Сөйлеу және сөздік дамуы

- ❖ Тәрбиешінің сұраған заттарын әкелу (қызыл шыршаны, сары допты, кішкентай қоянды алып кел);
- ❖ Көлік түрлерін (машина, автобус) атау, автомобиль бөліктерін (кабина, дөңгалақ рөл) атау;
- ❖ 2-4 сөйлемнен құралатын сурет бойынша әңгіме құрастыру;
- ❖ Ересектердің сұрағына жауап беру.
- ❖ Өсімдіктерді (ағаштар, шөптер, гүлдер), жемістерді (алма, алмұрт, банан), көкөністерді (сәбіз, қызанақ, қияр), үй жануарларын (ит, мысық, тауық, сиыр, ат, қой) атау;

Математика

- ❖ «біреу», «бірнешеу» ұғымдармен таныс болу;
- ❖ сөздік қорда «үлкен», «кішкентай», «көп», «аз» ұғымдарды қалыптасуы қажет;

- ❖ заттарды ұзындығына қарай «сұзын - қысқа», биіктігі бойынша «биік-төмен», жуандығына байланысты «жуан-жінішке» деп салыстыра алуы тиіс;
- ❖ Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш пішіндерін тану, ұқсас заттарды атау.

Айналамен танысу

- ❖ үйдің, машинаның, ағаштың бөліктерін атау, адамдар мен жануарлардың дене мүшелерін айту;
- ❖ бірнеше көкөністер мен жемістерді айыра білу;
- ❖ негізгі түстерді білу, айыру;
- ❖ күн мен түнді айыра білу, айырмашылығын айту;
- ❖ кейбір заттардың атын атау, қажеттілігін айыру;
- ❖ қысқа өлең жолдары мен санамақтарды айту;
- ❖ өзінің аты – жөнін, жасын, жақын туыстарының, тәрбиешісінің аты – жөнін білу.

4 жасар баланың психикалық дамуы

Сөйлеу және сөздік дамуы

- Сөздік: үй-жай заттарын, көліктерді атауы тиіс, жалпылауыш сөздерді қолдануы тиіс, әртүрлі заттардың бөліктерін атауы тиіс, карама-қарсы мәнге ие сөздерді қолдана білуі тиіс, оларды жіктей алуы керек, адамдардың мамандықтары мен әрекеттерін атай алуы тиіс;
- Сөйлеудің грамматикалық құрылымы: сөздерді жіктей алуы тиіс, жануарлар мен олардың төлдерін жеке және көптік түрде атауы тиіс;
- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөздердегі барлық дауысты дыбыстарды және келесі дауыссыз дыбыстарды: М, Б, П, Д, Н, Г, В, Ф анық айта алуы тиіс;
- Көркем әдебиет: ертегіні, әңгімені естіп, қызықты кездерін дербес түрде қайта жаңғырта алуы керек; ысқақ өлеңдерді эмоционалды, анық жаттап, айтып бере алуы тиіс; ертегілер туралы жұмбақтарды шеше алуы тиіс; басқа суреттердің ішінен жұмбақта жасырылған суретті табуы тиіс.

Математика

- Көлем және есеп: біреу және бірнешеу сөздерін айырып, қолдана алуы тиіс; зат топтарының

теңдігі мен теңсіздігін айыруы тиіс; «Қанша?» сұрағының мәнін түсінуі тиіс;

- Геометриялық фигуралар: шеңберді, текшені, үшбұрышты, тіктөртбұрышты, сопақшаны, шарды, кубты, цилиндрді айырып, атай алуы тиіс; айналадағы заттардан геометриялық фигураларды көре алуы тиіс;
- Өлшем: заттарды биіктігі, ұзындығы, ені, қалыңдығы бойынша салыстыра алуы тиіс, салыстыру нәтижелерін сөйлеу барысында қолдана алуы тиіс;
- Математикалық есептер, жұмбақтар: жұмбақтарды шешіп, математикалық есептерді шығара алуы керек.

Айналамен танысу

- Өсімдіктер әлемі: гүлдер, бұталар, ағаштар туралы жалпылай ұғымы болуы тиіс;
- Жануарлар әлемі: үй және жабайы жануарларды танып, атауы тиіс; олар туралы жалпылай ұғымы болуы тиіс;
- Табиғат құбылыстары: ауа райының негізгі күйлерін айырып, айта алуы тиіс; жыл мезгілдерінің әрбіреуіне тән белгілерді атауы тиіс;
- Жануарлар туралы жұмбақтар: жануарлар, жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары туралы жұмбақтарды шеше алуы тиіс.

Моторика

- Графикалық дағдылар: қолдары мен саусақтарын басқара алуы тиіс; түзу горизонталды және вертикалды сызықтарды, дөңгелек сызықтарды сала алуы тиіс

Бейнелеу өнері

- аппликация (құрастыру): дайын формалардан өрнектер, қарапайым композициялар құрастыру алуы тиіс;
- сурет салу: айналадағы шындықтың бейнесін бере алуы тиіс, жеке заттарға сәйкес келетін түстерді (жасыл шырша, қызыл қызанақ) қолдануы тиіс; ойша құрастырған қарапайым заттарды (балықтар аквариумда жүзеді, бауырсақ қоянмен сөйлеседі, балапандар жайлауда қыдырады) салуы тиіс

5 жасар баланың психикалық дамуы

Сөйлеу және сөздік дамуы

♦ **сөздік:** қарама-қарсы мәнге ие сөздерді (антонимдерді) қолдана алуы керек, сөздердің көп мағыналығын түсінуі тиіс, жалпылауыш сөздерді қолдануы тиіс, заттардың сапасын, қасиеттерін білдіретін сөздерді (сын есімдер) қолдана алуы тиіс, құрылыста жұмыс істейтін адамдардың мамандықтарын білуі тиіс;

♦ **сөйлеудің грамматикалық құрылымы:** қарапайым сөздерді құрастыра және қолдана алуы тиіс, бірыңғай мүшелері бар сөйлемдерді қолдануы тиіс, жұрнақ-жалғаулардың көмегімен сөздерді өзгерте алуы тиіс, антоним сөздерді қолдануы тиіс;

♦ **сауат ашуды оқытуға дайындық:** ызың, ызыл, үнді дауыссыздарды дұрыс айта алуы тиіс; дыбысталуы ұқсас сөздерді табуы тиіс, жуан және жінішке дауыссыздарды естігенде айыруы тиіс, оларды бір-бірінен бөлек айтуы тиіс; сөздерді буындарға бөлуі тиіс, сөздерді дыбысталуы бойынша ғана емес,

♦ **көркем әдебиет:** логикалық екпіндерді, кідірістерді қолдана алуы тиіс, интонациялық түрде поэтикалық мәтіндерді оны ашудың мазмұны мен сипатына қарай: ойланғыштықпен, жымыномен, қуанышты, ренжулі айтуы тиіс; таныс ертегілердің мазмұнын айту кезінде сюжеттің бірізділігін сақтауы тиіс; персонаждар сипатын (қасқыр – ашулы, лақтар – қорқулы) жеткізуі тиіс; ертегілер туралы жұмбақтарды шеше алуы тиіс; оларға қатысты суреттерді табуы тиіс.

Математика

♦ **көлем және есеп:** көлемдік және тәртіптік есепті айыра білуі тиіс; «Қанша?», «Нешінші орында?» сұрақтарына дұрыс жауап беруі тиіс, үлгі бойынша, аталған сан бойынша заттардың көлемін қайта жаңғыртуы тиіс, зат топтары әртүрлі қашықтықта орналасқан жағдайда, өлшемі бойынша және орналасу формасы бойынша әртүрлі болған кезде олардың теңді мен теңсіздігін білуі тиіс, 1, 2, 3, 4, 5 цифрларын айыра және атай алуы тиіс,;

♦ **геометриялық фигуралар:** шеңберді, текшені, үшбұрышты, тіктөртбұрышты, сопақшаны, шар, куб, цилиндрді атауы тиіс,

♦ **өлшем:** заттарды көлемі бойынша салыстыра алуы тиіс; сөйлеу кезінде салыстыру нәтижелерін қолдана алуы тиіс;

♦ **уақыттағы бағыттылық:** кеш, бүгін, ертең, тез, ақырын сөздерін айыра алуы тиіс, бұл сөздерді дұрыс қолдана алуы тиіс;

♦ **айналадағы ортадағы бағыттылық:** өзіне қатысты заттардың орналасу жағдайларын білуі тиіс, қағаз бетіндегі бағытты білуі тиіс,;

Айналамен танысу

♦ **өсімдіктер әлемі:** ағаштарды айыра алуы тиіс, олардың атауын білуі тиіс, жапырақтарын формасы бойынша айыруы тиіс, жапырақтың қай ағаштікі екендігін тануы тиіс; жапырағы мен гүлінің формасы бойынша гүлдерді танып, атай алуы тиіс;

♦ жануарлар әлемі: құстарды көлемі, түр-сипаты, шығаратын дыбысы бойынша тануы және айтуы тиіс; жәндіктерді айырып, атауы тиіс, үй және жабайы жануарларды және олардың төлдерін айыруы тиіс;

Моторика

♦ графичикалық дағдылар: өз саусақтарын басқара алуы тиіс, түзу горизонталды, вертикалды, иілгіш және дөңгелек сызықтарды сала алуы тиіс.

Бейнелеу өнері

♦ аппликация (құрастыру): қайшыны дұрыс ұстап, онымен жұмыс істей алуы тиіс; жолақты ұзына бойы көлденең, текшені қиғаш бағытта кесе алуы тиіс, тіктөртбұрышта қиғаш кесінділер жасай алуы тиіс,

♦ сурет салу: сурет салуға қажет техниклық іскерліктер мен дағдыларды меңгеруі тиіс; әртүрлі пішіндер мен заттардың орналасу жағдайларын жеткізе алуы тиіс,

♦ жабыстыру, құрылыс материалдарынан құрастыру: алақанымен шеңбер бойлай саз (пластилин) кесегін домалата білуі тиіс, езіп, дөңгелек, сопақша, цилиндр пішіндерін бере алуы тиіс, қысу, тегістеу, тарту (құс тұмсығы), басу (тегіс пішін алу үшін), бөліктерді бір-біріне біріктіру, тығыздап жағу әдістерін меңгеруі тиіс; қарапайым сюжеттерді құрастыра алуы тиіс (құстар жем жейді, жемістер тарелкеде жатыр, бауырсақ және қоян және т.б.)

Дене дамуы: бойы – 106-116 см., салмағы – 16,4-19,7 кг., көкірек қуысының шеңбері – 52-57 см.

5-6 жастағы балалардың жас ерекшеліктері



- Қоршаған әлемді белсенді түрде тануды жалғастыру.
- Өзін әлемге көрсеткісі келеді.
- Өзінің "катауын" әрең өлшей алады.
- Өзімен жасты құрдастарымен сөйлесуге дайын, сол арқылы қарым-қатынас ережелерін меңгереді.
- Үлкен тәуелсіздікке ұмтылады.
- Ол өзі үшін маңызды ересектерге ұқсағысы келеді, сондықтан ол "ересектер іс-әрекеттерін" және басқа да әлеуметтік ойындарды ойнағанды ұнатады.

Оның ата-анасы ретінде сіз үшін маңызды:

1. Балада өзін-өзі көрсетуге деген ұмтылысты қолдау.
2. Балаға әр түрлі шығармашылыққа мүмкіндік беруге тырысу.
3. Мұқият болу, сонымен қатар шекара қоя білу.
4. Балаға жақындарымен, құрдастарымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету, оның эмоционалдық қиындықтары болған жағдайда ғана көмектесу, қалыптасқан қиын жағдайды талқылау және одан шығудың нұсқаларын бірге қарау.
5. Бақылау мен қамқорлықты біртіндеп төмендетіп, балаға өз алдына әр түрлі міндеттер қоюға және оларды шешуге мүмкіндік береді.
6. Оған көмекші, дос ретінде жүгініңіз.
7. Қорқыныштарымен күресуге көмектесу (жынысына қарамастан), оны ол үшін айыптамау және оны қорқытпау.



6 жасар баланың психикалық дамуы

Сөйлеу және сөздік дамуы

♦ **сөздік:** заттардың белгілерін атау кезінде мағынасына сәйкес сөздерді қолдану; жалпылауыш сөздерді пайдалану, кейбір жол белгілерін атау; антонимдерді, синонимдерді, заттардың қандай материалдан жасалғандығын білдіретін сөздерді білуі тиіс; жұмбақтарды шешіп, бейнелік ұғымдарды түсінуі керек;

♦ **сөйлеудің грамматикалық құрылымы:** белсенді сөздік қорға кіретін сөздерді дұрыс өзгерте алуы тиіс, бір заттың бірнеше атауын қолдана алуы тиіс; мамандықтар атауын құрастыра алуы тиіс; таныс сөздердің күрделі формаларын дұрыс қолдана алуы тиіс;

♦ **сауат ашу (оқу және жазу іскерлігі):** әліпбидің баспа әріптерін білуі тиіс және жаза алуы тиіс, сөздерде неше буын бар екендігін анықтауы тиіс; сөздерде неше дыбыс бар екендігін анықтауы тиіс, сөздегі берілген дыбыстың орнын анықтауы тиіс, аталмыш орынға сәйкес әріпті жазуы керек, сөздің дыбыстық құрамын талдауы тиіс; айтылатын сөздердегі екпінді буындарды, дауысты дыбыстарды анықтауы тиіс, екпінді дауыстыларды «екпін» белгісімен белгілеуі тиіс; дыбыстардың, буындардың мәнін түсінуі тиіс, дауысты және дауыссыз дыбыстар мен әріптерді, жуан және жіңішке дауыссыздарды айыруы тиіс

♦ **көркем әдебиет:** өлеңдерді мәнерлі оқуы тиіс, шығарманың мазмұнына қарай (қуану, танырқау, ренжу) оның интонациясын әртүрлі жеткізуі тиіс, эмоционалды

мазмұндауы тиіс; кішігірім әңгімелерді мазмұндауы тиіс, ертегі сюжетіне сай тәртіппен суреттерді орналастыруы керек, суреттердегі сәйкессіздіктерді ескеруі тиіс (таныс ертегідегі персонаждың жоқтығы, басқа персонаждың болуы және т.б.).

Математика

♦ **көлем және есеп:** 0-ден 10-ға дейінгі цифрларды жаза алуы тиіс, цифрды заттар санымен салыстыра алуы тиіс; теңсіздікті теңдікке айналдыра алуы тиіс, $+$, $-$, $=$, $<$, $>$ математикалық белгілерін жаза және қолдана алуы тиіс, санның заттардың кеңістікте орналасуына, олардың арасындағы өлшем мен қашықтыққа тәуелсіз екендігін түсіне алуы тиіс, заттарды үлгі бойынша және аталған сан бойынша санауы тиіс; екі кіші саннан жаңа сан құрастыра алуы тиіс; көлемдік және тәртіптік есепті айыра білуі тиіс; «Қанша?», «Нешінші орында?» сұрақтарына дұрыс жауап беруі тиіс.

♦ **геометриялық фигуралар:** тор көзді дәптерде шеңберді, текшені, үшбұрышты, тіктөртбұрышты, сопақшаны, трапецияны салуы тиіс,

♦ **өлшем:** заттарды ең үлкенінен бастап кішісіне дейін және керісінше орналастыра алуы тиіс;

♦ **уақыттағы бағыттылық:** апта күндерін бірізді айта алуы тиіс, кеше, бүгін қандай апта күні болғандығын, бүгін қандай апта күні екендігін, ертең қандай апта күні болатындығын атауы тиіс, тәулік бөліктерін, жыл мезгілдерін бірізді атауы тиіс;

♦ **кеңістіктегі бағыттылық:** өзіне қатысты заттардың орналасу жағдайын сөзбен анықтай алуы тиіс; басқа

адамға, затқа қатысты заттардың орналасу жағдайын сөзбен анықтай алуы тиіс; қағаз бетінде бағыттала алуы тиіс;

Айналамен танысу

♦ өсімдіктер әлемі: әртүрлі өсімдіктердің өсу ортасы туралы ұғымы болуы тиіс, ағаштарды жапырақтары мен өнімдері бойынша айыра алуы тиіс;

♦ жануарлар әлемі: қыстап қалатын құстардың 3-4 түрін және жылы жаққа ұшып кететін құстардың 3-4 түрін білуі және атауы тиіс; жәндіктерді, олардың қозғалу амалдарын білуі және атауы тиіс;

♦ мезгілдер: әр жыл мезгілі туралы жүйелі ұғымы болуы тиіс;

Бейнелеу өнері

♦ сурет салу: сурет салуға қажет техникалық іскерліктер мен дағдыларды меңгеруі тиіс; табиғаттан, айналадағы орта өмірінің оқиғаларынан, ертегі, әңгіме, өлең сюжеттерінен алған әсерлерін суретте бейнелей алуы тиіс;

♦ қағаздан, құрылыс материалдарынан құрастыру: алақанымен шеңбер бойлай саз (пластилин) кесегін домалата білуі тиіс, езіп, дөңгелек, сопақша, цилиндр пішіндерін жасай алуы тиіс, қысу, тегістеу, тарту (құс тұмсығы), басу (тегіс пішін алу үшін), бөліктерді бір-біріне біріктіру, тығыздап жағу әдістерін меңгеруі тиіс;
Дене дамуы: бойы – 112-122 см., салмағы – 17,6-21,4 кг., көкірек қуысының шеңбері – 53,7-60,8 см. (▲)